

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің "Мәмбетов және К" Коммандиттік серіктестігінде шектеу іс-шараларын енгізуге байланысты ветеринариялық режимді белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі N 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде N 3724 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 07 шілдедегі N 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің 07.07.2016 N 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Мамлют ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 13-11/51 ұсынысы негізінде Новомихайлов ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округінің Меңкесер ауылында орналасқан "Мәмбетов және К" Коммандиттік серіктестігі аумағында жылқы ринопневмониясы ауруының айқындалуына байланысты, шектеу іс-шараларын енгізумен ветеринариялық режимі белгіленсін

2. "Мамлют ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) айқындалған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитарлық сәттілікке қол жеткізу үшін қажет ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 26 ақпанда пайда болған қатынастарға таралады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК